



Автор: ЕРГАЛИЕВ БАУЫРЖАН

Пән: Алгебра

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Квадрат түбір және иррационал өрнектер

Тақырып: Арифметикалық квадрат түбір

Арифметикалық квадрат түбір	Бұл сабақта оқушылар арифметикалық квадрат түбір туралы алған білімдерін толықтырып, оны есептеулерде қолдана білуге үйренеді.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.1.2 Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін өрнектердің мәндерін табуда, есеп шығаруда қолдана алады, өрнектерді түрлендіре алады. 8.1.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін ескетіріу, мысал келтіру; Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып сәйкестендіру және есептеп шығару; Оқушылардың басым бөлігі: Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып есептеу және тапсырмаларды алмастыру, бағалау. Кейбір оқушылар: Сабаққа қызығушылығы артып, өз ойын жүйелі түрде жеткізеді. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланады
Бағалау критерийі	Барлығы (А (жоғары), В (жақсы), С орташа): Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін біледі. Көпшілігі (А, В): Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып сәйкестендіреді. Кейбіреуі (А): Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып, есептей алады. Оқушының төменгі жетістігі: қасиеттерін біледі Оқушының орташа жетістігі: қасиеттерін біледі, жеке есептерді пайдаланады. Оқушының жоғарғы жетістігі: қасиеттерін есеп шығаруда өз бетінше тиімді пайдаланады.
Күтілетін нәтиже	Арифметикалық квадраттық түбірдің қасиеттерін есептер шығаруда тиімді пайдалана алады. Мәндерін табуды біледі. Өз ойларын тиянақты, қорытып жеткізеді
Тілдік мақсаттар (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым):	-Квадрат түбірге байланысты ақпараттарды есту. -Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін және ережелерін оқу. -Арифметикалық квадрат түбірге есептер шығарып, дәптерге жазу. - Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерінің анықтамасын айту
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	«Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақ жауап Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру. Топ бойынша өткен тақырыптар бойынша сұрақ- жауаптарға дайындық жасау. Үй тапсырмасын тексеру: Бағалау бірін бірі бағалайды, дәптерлеріндегі тапсырманы тақтамен салыстыру арқылы бағалайды. №147 2) 3) 4) 5) 6) 7) 8)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-35 минут)	<p>Топтарға жаңа тақырып бойынша Кітаппен жұмыс атқару үшін әр топқа кітаптағы тапсырмалармен жұмыс істеуді тапсыру, мағанасын талдау</p> <p>Тақырыптарға шолу «Тарсия ойыны» әдісі «ТЖ» Мақсаты: Идеяларды құрастырып, белсенді тыңдап, бар ойын талқылауға, шоғырландыруға мүмкіндік беру. «Тарсия» ойынының шартымен таныстырады. Оқушыларға әр түрлі фигурадағы қағаз қиындыларын конверт арқылы беріп, арифметикалық квадрат түбірге есептер ұсынады, 3 топқа әр түрлі тапсырма береді, түрткі сұрақтарды қояды. 1. Қалай? 2. Неліктен? 3. Сіз қалай ойлайсыз? 4. Досыңызды сендіре аласызба?</p> <p>Өзара бағалау (дескриптор бойынша) Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету «Жапондық» «Смайликтер» «Критерий арқылы» бағалау баллдық жүйемен, толық 5 балл қояды 1. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін білу; 2. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдалану арқылы есептерді сәйкестендіре алу; 3. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарып, бағалай алу</p>	
Сабақтың соңы (36-40 мин)	<p>Ойлан тап, Әр топқа тапсырма беру Топтарға жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында тапсырмалар мен жұмыс істеу арқылы топпен жарыс ұйымдастыру «Кім білімді» Топтар жарысы «Жетістік критерийлері» 1. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін білу; 2. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдалану арқылы есептерді сәйкестендіре алу; 3. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарып, бағалай алу.</p>	